

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 386 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 1103 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеуге арналған қаражатты жұмсау және оларды республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 386 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 18, 181-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеуге арналған қаражатты жұмсау және оларды республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу ережесінде:

1 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі үшін Астана қаласында 240 төсектік аурухана кешенінің құрылысына Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге салынатын қосылған құн салығы бойынша;

1-2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі үшін Астана қаласында 240 төсектік аурухана кешенінің құрылысына Ресей Федерациясының аумағынан шығатын және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы бойынша;"

мемлекеттік тілдегі мәтінінде 3) тармақшадағы "төлемдері бойынша" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы абзацпен және 4) тармақшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі үшін Астана қаласында 240 төсектік аурухана кешенінің құрылысы бойынша;

4) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі үшін Астана қаласында 240 төсектік аурухана кешені құрылысына кедендік бақылау мен кедендік рәсімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер бойынша".

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК